

### Әдебиеттер:

1. Құрманов Н.Ж. Қазақ мектептерінде сөз тіркесі синтаксисін дамыта оқыту технологиясының әдістемелік негіздері: пед.ғыл.докторы... дис.: 13.00.02. – Алматы: КазМемКызПи 2004. – 365 б.
2. Охитина Л.Т. Психологические основы урока. – М.: Просвещение, 1977. – 96 с.
3. Аймауытұлы Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. Том 4. Психология. – Алматы: Ғылым, 1998. – 448 б.
4. Махмутов М.И. Проблемное обучение. – М.Педагогика. 1975. – 367 б.
5. Махмутов М.И. Организация проблемного обучения в школе. – М. Просвещение, 1977. – 240 с.
6. Проблемное и праграммированное обучение. Под. Ред. Т.В.Кудрявцева и А.М.Матюшкина. – М: Советская Россия, 1973. – 56 с.
7. Махмутов М.И. Теория и практика проблемного обучения. – Казань: 1972. – 280 с.

### Summary

*The redularities of problem teaching to Kazakh language are considered in this article.*

## **ҰЛТТЫҚ ЗИЯТКЕРЛІК ДЕНГЕЙДІ КӨТЕРУДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ РӨЛІНІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Ахметова Л.С.*

*Казахстан, Костанайский государственный университет имени А.Байтұрсынова*

Ұлттық сана-сезімнің өсуінің көрінісі ретінде ұлттық зияткерлік деңгейдің көтерілуі болып табылады. Осы орайда ең маңыздысы ұлттық зияткерлік деңгейді көтеретін кадрлардың қазақ тілді болуы. Себебі, ол ана тілінмен сөйлейді, қазақша ойлайды, ең бастысы ұлттық мұнды түсінеді, оған шынайы жаны ашиды.

Тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ ұлтының мәселесі өзінен-өзі шешіледі деу жөнсіз. Қазақ-отарланған ұлт, тәуелсіздік алумен сыртқы отаршылдық, метрополияға тәуелділік, орталыққа кіріптарлықтан ғана арылды. Этноәлеуметтануда отаршылдықтың бір-бірімен байланысты классикалық ортақ белгілерін аталады. Соңын ішінде:

–ұлттың кәсіби деңгейі жоғары жұмысшы табы мен инженерлік-техникалық мамандардың тапшылығы;

–ұлттың тілін, мәдениетін құрсауда ұстау, тежеу;

–ұлттың жиі апатқа ұшырап, сананың төмендеп отыруы.[1]

Бүгін отаршылдық саясаттың салдарынан арылған жоқпыз, әлі де ішкі отаршылдық зардабы басым. Мысалы, ауылдық жерде тұратын төрт миллионнан астам қазақтың интеллектуалдық және кәсіби деңгейі төмен.

Кеңес заманынан қазақ ұлты ауылдық жерде, негізінен мал шаруашылығында, қара қызметте болса, орыстар өнеркәсіпте, ғылыми-техникалық, инженерлік қызметтерді атқарды. Қазақтардың өнеркәсіптен алшақ болуы, кеңсе жұмысы, мал шаруашылығымен айналысуы ұлттың психологиясына әсер етіп, тіпті қазақтар табиғатынан ғылыми-техникалық мамандықтарға бейім емес деген пікір қалыптасты. Сонымен бірге, өндірістегі ұлттық алалық қазақтардың қоңыстануына, денсаулығына, материалдық және рухани игіліктерге қол жеткізуіне, түгелдей ұлттық болмысына жағымсыз ықпалын тигізді.

Табиғи ресурстары бай елде байырғы халықтың кедей болуы ойландыратын мәселе. Экономикалық, ғылыми және әлеуметтік салаларда қазақтардың үлес салмағы артпай, қазақ мәселесі шешілді, тұрақтылыққа қол жетті деу қиын. Кезінде Малайзия «бумипутра» – байырғы халықтың дамуына әдейі жағдай тұғызған. Олардың білім алуына, еңбек етуіне, кәсіпкерлікке бейімделуіне, ақшаны тиімді пайдалануына, қолда бар байлықты ақылмен жұмсауына, уақытты бағалауға үйреткен. Байырғы халыққа өсімсіз кредиттер, пайдалы мемлекеттік тапсырыстардың басым көпшілігі беріліп, олардың ісін жолға қоюға көмектескен. Мұндай шаралар отаршылдық заманында кемсітушіліктің орнын толтырып, қазақтарды да басқалармен тең етер еді.

Елбасы Н.Назарбаев 2010 жылғы Жолдауында өткен жылдардағы жеткен жетістіктеріміз жөнінде айтып, алдағы он жылғы мақсат- міндеттерді айқындап берді. Оқу орындарына халықаралық стандарттар деңгейінде аттестациялауды енгізіп, жоғары білім беру саласында инженерлік ғылымдарды дамыту қажеттігі туралы да тілге тиек етті. Расында да, дамыған 50 мемлекеттің қатарына кіруді көздесек, сол мемлекетіміздің болашақ тірегі бүгінгі жастарға халықаралық стандартқа сай сапалы білім беру қажет. Ал біз, көбінде оның санына ғана мән боламыз. Білім және ғылым министрлігінің келтірген мәліметтеріне сүйенсек, Қазақстанда 15 жастан асқан азаматтардың 99,5 пайызы сауатты екен. Бүгінгі таңда Қазақстан сауаттылық деңгейі бойынша әлемдегі 177 елдің ішінен 14 орында тұр.[2]

Қазіргі уақытта ең алдымен, тілге оралатын проблема, болашақ кадрларды қазақ тілінде сапалы дайындау. Білім саласында бәсекелестікке қол жеткізгіміз келсе, ең алдымен қазақ тіліндегі оқулықтардың сапасын жақсартуымыз керек. Ал мектеп қабырғасында оқушылар оқитын оқулықтардың негізгі бөлігінің сапасы нашар, сын көтермейді. Осындай оқулықтармен білім алып жатқан оқушылардың болашағы қандай болмақ? Жас буын мемлекетіміздің келешегі екенің ескерсек, осы оқулықтар мәселесін тезірек шешуіміз қажет.

Білім саласында тағы бір басты проблема-мектепте, әсіресе, ауылдық жерлердегі орта мектептерде кәсіби біліктілік мамандардың тапшылығы, Ең алдымен, бастауыш сыныптан бастап оқушының оқу, жазу, санау, есептеу сауаттылығына, дағдысына, қабілетіне басты назар аударлуы қажет. Сондықтан, әрбір мұғалімнің қазіргі талап деңгейінде қызмет жасаулары үшін олардың білімділік, біліктілік, ізденгіштік, шығармашылық деңгейлері жоғары болғаны жөн. Ауылдық жердегі мұғалімдердің бірқатарының осы деңгейлері төмен десек, артық айтқандық емес.

Егемендік алған жылдардан бастап нарық заманына байланысты көптеген ата-аналар, жас буын мамандық таңдарда келешекте жақсы ақша табатын заңгер, экономист тәрізді кәсіптерді таңдаған еді. Соның нәтижесінде еліміздің кез келген жоғары оқу орындарында осы мамандықтар бойынша студенттер саны шектен тыс асып кеткен. Ал керісінше, ауылшаруашылық, техникалық, ұстаздық мамандықтарын таңдаған студенттер саны күрт төмендеген болатын. Сол себепте де осы мамандықтардың беделі түсіп кетті.

Қазір білім беру іс бұрын сонды болмаған жылдамдықпен дамуда. Халықаралық сарапшылардың айтуынша, әлемдегі ғылыми-техникалық білімнің мазмұны үш жыл сайын түбірінен өзгеріп отырады екен. Демек, ондай қарқында ілесу үшін мектептердегі білім мазмұны да жыл сайын толығып, ал оқытушы өз білімін күн сайын жетілдіріп отыруы керек. Қазіргі мектеп оқушылары мен студенттер білімге байланысты ақпараттың басым бөлігін (кейбір дерек бойынша 60% астамын) экраннан (теледидар, компьютер, телефон) арқылы алады екен. Демек, олар мектеп оқулығына да, мұғалім, оқытушы біліміне де үлкен салмақ түсіреді.

Президент Н.Назарбаев «Қазақстанның болашағы-бүгінгі жастар. Сіздер оларға қалай білім берсеңіздер, Қазақстан сол деңгейде болады», – деп атап көрсеткен.

Тәуілсіз ел тірегі-білімді ұрпақ десек, дәуірдің күн тәртібінде тұрған келесі мәселе-білім беру, ғылымды дамыту. Бұндай күрделі екі мәселені жүзеге асыру үшін ана тілімізді толыққанды меңгеруіміз қажет. Бірақ, бәрімізге мәлім, республикамызда кадрлардың көп бөлігінің орыс тілінде дайындалуы жалғасуда.

Мұны біздің шенуініктердің білім саясатындағы жіберіп отырған үлкен қателігі, тіпті саяси соқырлығы деу керек. Себебі, олар қазақ тілін өркендету үшін жасалып жатқан шаралардың барлығын жоққа шығарып, қазына қаржысына мектептерде, жоғары оқу орындарында Ресейдің болашақ азаматтарын оқытып әлек болып жатыр. Осылай демеске амал жоқ. Әлде бұлардың біріңғай орысша білім алып шығуына мемлекет мүдделі ме? Өзіміздің ұлттық мүдде қайда қалады сонда?

Қазақстанның көп бастамасына көршілердің күлетіні осыдан. Тіпті экономикалық жетістігімізді жиі салыстыра қарайтын өзбектердің өзі «орыс болғын келсе, алдымен, қазақ бол» деп бізді мазақ қылады.

Университеттердегі оқу әдісі де әлі қазақ және орыс топтарын екіге бөліп оқытқан Кеңес кезінен келе жатқан ескі жүйемен жұмыс істейді. Егер үкіметтің қазақ тіліне қатысты айтқан уәделері шын болса, қазірден бастап болашақ кадрларды неге тек қазақ тілінде тәрбиелеуді қолға алмасқа? Олардың орыс тілінде оқытып шығарудың және оған мемлекеттің есебінен көп ақша бөліп шығындандудың мақсаты мен мәнісін түсіне алмадық. Еуропа елдерінің логикасына салсақ, олар мұндайды мемлекеттің қаржысын текке шашу, тіпті мемлекеттің тұтастығына қауіп төндіретін, ақылға сыймайтын абсурд деп бағалар еді. Бұл мәселені шешудің бірден-бір жолы-мемлекеттік гранттарды тек қана қазақ бөліміне түсетіндерге беру болып табылады еді. Білім саласындағы бассыздық осылай жалғаса берсе, 2020 жылға қарай өз тілін білмейтін, ұлтының уызына жармаған шала қазақтардың саны тағы бір толқыны шығатынына күмәнініз болмасын.

Мемлекеттік тіл, ең алдымен, қалада қалыптасады. Өйткені, ол заман ағымына қарай бейімделіп, технология мен ғылым жаңалықтарына ілесе отырып дамуы тиіс. Ал техника тіліне айналамаған тіл бұқараның қатынас құралы болудан қалады.

Сарапшылардың болжамы бойынша, Бүкіләлемдік сауда ұйымына мүше болғаннан кейін Қазақстанға шетелдік тауарлар ғана емес, шетелдік жұмыс күші де ағылады. Осы кезге дейін шетелдік жұмыс күшінің елге келуін реттеп келсек, енді оларды сан жағынан шектей алмаймыз. Алдымыздағы 10-15 жыл ішінде шетелдік жұмыс күшінің санын, алдын-ала болжамдар бойынша, біреулер тіпті 40-50 млн.десе, екінші біреулері бір қазақстандыққа бір шетелдік келеді деп жорамалдайды[3]. Келушілер негізінен қытай, түрік, арабтар. Қазақтың өз елінде аз халқыққа айналуы әбден мүмкін.

Осы орайда Білім және ғылым министрлігінің қит етсе «Болон үрдісі» деп жастарды шетелде жұмыс жасауға бейімдеуі түсініксіз. Қашан министрлік «Қазақстан үдерісі»деп елге мамандар дайындау қажеттігін қолдар екен деп ойлайсыз. Еуропада біздің университет бітірушілерің ешкім күтіп отырған жоқ. Ал еліміз мәдени, тілдік, әлеуметтік ортаға бейімді мамандар елге ағылып келетін жұмыс күшіне тосқауыл қояр еді. Бәсекелестікке қабілетті ұлт өз мамандарымен ғана жарысқа түседі.

Бұл тағы да тіл саясатында байқалады. Үштұғырлы тіл саясатын сылтауратып, мемлекеттік тілді менсінбеушілік жиі кездеседі. Екі тілді адамның екі жүрегі, екі миы бар деп кезінде А.Луначарский айтқандай, көп тіл білген адамның дүниені қабылдауы, ойлау қабілеті, интеллектуалдық деңгейі жоғары келеді. Бірақ, қай тілді де қажеттілігіне орай меңгеру керек. Орынды-орынсыз ағылшын тілін тықпалау, мемлекеттік тілді шеттеткені өз алдына, біраз шығындарға ұрындырады. Еуропаның ортасындағы Словакияда жоғары оқу орындарын бітірушілердің 2% ғана көрші елдердің жұмыс табады екен. Оңтүстік Кореяда ағылшын тілін меңгеріп, шетел компанияларында, елшіліктерде, шетелге шығып жасайтындар халықтың 4,5% құрайды.[4]

Осындай шетелдік тәжірибеге сүйене отырып, біздің мемлекетіміз өз болашағының өркендеуін ойласа, ең алдымен кадрларды дайындағанда, оның қазақ тілді болуына күш-жігерің жұмсауы керек. Өйтпесе, жақын болашақта қазақ тілі қайтадан кеңес дәуіріндегі жағдайына қайта түсуі әбден мүмкін. Және оның орны зияткерлік сала емес, тұрмыстық салада пайдаланатын тіл ғана болып қалуы әбден ықтимал.

#### Әдебиеттер:

1. Нәрібаев К. Білім берудің ұлттық моделі.// Жалын, 2008, №7, 23б.
2. Ынтықбаева С. Сапалы білім-болашақ табыстың кепілі.//Экономика негіздері мектепте, 2010, №1, 16б.
3. Пірәлиев С. Білім берудің жана көкжиегі//Егемен Қазақстан – 2011, 19 ақпан.
4. Әлемдік білім: талап пен тағылым//Егемен Қазақстан – 2009, 13 сәуір.

#### Abstract

*The article deals with the role of the Kazakh language in the improvement of national intellectual level at present. Also, some problems of its implementation in scientific and educational sphere are analysed.*